

ХАТТАМА №1

«Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбындағы оқыту семинарын өткізу туралы.

Жезқазған қаласы

29.05.2026 ж.

Семинарға қатысқандар: директор Қалметов Н.Т., директордың орынбасары Рощупкина Т.В., заңгер Зыкина Т.А., ұжымның басқа мүшелері, барлығы – 18 адам.
КҮН ТӘРТІБІ:

«Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбындағы оқыту семинары.
Баяндамашы – заңгер Зыкина Т.А.

Өз баяндамасында Зыкина Т.А. аталған тақырып бойынша презентация ұсынды. Слайдтарда сыбайлас жемқорлықтың анықтамасы және сыбайлас жемқорлық субъектісі ұғымы берілді. Сондай-ақ 1998 жылдан бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың жаңғыртылуы және 2023 жылғы соңғы өзгерістер көрсетілді.

Слайдтарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының негізгі заңнамалық бастамалары көрсетілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының» негізгі ережелері баяндалды. Саясаттың мақсаты, қағидаттары мен негіздері түсіндірілді.

Осылайша семинар аяқталды. Қатысушылар тарапынан сұрақтар түскен жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметінің маманы

Зыкина Т.А.